

**Бонитерді (сыныптаушыны), техник-ұрықтандырушыны және эмбриондарды транспланттау (ауыстырып салу) жөніндегі маманды оқыту курстарының үлгілік бағдарламаларын және олардың сағат көлемін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 26 сәуірдегі № 162 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 3 мамырда № 32419 болып тіркелді

"Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 4-7) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бонитерді (сыныптаушыны) оқыту курстарының үлгілік бағдарламасы және олардың сағат көлемі;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес техник-ұрықтандырушыны оқыту курстарының үлгілік бағдарламасы және олардың сағат көлемі;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес эмбриондарды транспланттау (ауыстырып салу) жөніндегі маманды оқыту курстарының үлгілік бағдарламасы және олардың сағат көлемі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі

*Е. Карашукеев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі  
2023 жылғы 26 сәуірдегі  
№ 162 бұйрығына  
1-қосымша

## Бонитерді (сыныптаушыны) оқыту курстарының үлгілік бағдарламасы және олардың сағат көлемі

Курстың атауы	Курстың мазмұны	Оқыту нәтижесі	Оқу түрі	Көлемі, сағатпен
1	2	3	4	5
А у ы л шаруашылығы жануарларын бұдан әрі – (жануарлар) бонитирлеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру	Жануарларды бонитирлеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру	Ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтау бойынша теориялық негіздерді меңгеру, ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлерін салыстыру, зоотехникалық журналдарды жинау және талдау, сондай-ақ асыл тұқымдық есепке алу нысандарын толтыру бойынша	теориялық	4
	Жануарлардың асыл тұқымдық қасиеттерін бағалау	Жануарларды шаруашылыққа пайдалылығы (тұқымдылығы, өнімділік қасиеттері с ы р т қ ы конституциялық белгілері) бойынша бағалау әдістерін білу	теориялық	4
	Жануарларды бонитирлеу нәтижелері	Жануарлар кластарын анықтауды және асыл тұқымдық жұмыста бонитирлеу нәтижелерін жұмыста пайдалана білу	теориялық	4
	Жануарларға бонитирлеу жүргізу	Жануарларға бонитирлеу жүргізе білу (жануарлардың жеке нөмірлерін салыстыру, өлшеу, сыртқы пішінін көзбен шолып бағалау, өнімділік қасиеттері), сондай-ақ бағаланған		8

		жануарлардың селекцияланатын белгілері үшін балдарды есептей білу	практикалық	
	Бонитирлеу нәтижелерінің жиынтық ведомосін жасау	Бонитирлеу нәтижелерінің жиынтық ведомосін жасай білу. Жануарларды тұқымы, класы бойынша бөле білу, табын, үйір және отарды сипаттай білу, жануарлардың селекциялық және өндірістік топтарын бөліп көрсете білу	практикалық	4
	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстардың (бұдан әрі – САТЖАҚ) ақпараттық қорындағы жұмыс	Бонитирлеу туралы деректерді САТЖАҚ-қа енгізе алу	практикалық	2
	Тестілеу жүргізу	Тестілеуді жүргізу. Жануардың тиісті түрі бойынша бонитерлерді (сыныптаушыларды) оқыту курсынан өткені туралы құжат беру	тестілеу	2
Теориялық дағдылар				12
Практикалық дағдылар				14
Қорытынды бақылау				2
Барлығы				28 сағат

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі  
2023 жылғы 26 сәуірдегі  
№ 162 бұйрығына  
2-қосымша

### Техник-ұрықтандырушыны оқыту курстарының үлгілік бағдарламасы және олардың сағат көлемі

Курстың атауы	Курстың мазмұны	Оқыту нәтижесі	Оқу түрі	Көлемі, сағатпен
1	2	3	4	5

А у ы л шаруашылығы жануарларын (бұдан әрі – жануарлар) қолдан ұрықтандыру	Жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру	Қолдан ұрықтандыру пункттерінің жарақтандырылуын білу, ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтау	теориялық	2
	Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар, қолдан ұрықтандыру пункттерінде есепке алу және есеп беру	Қолдан ұрықтандыру кезінде ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды білу. Ұрықтандыру және төлдеуді есепке алу журналын жүргізу	теориялық	3
	Жануарлардың аналықтарының жыныс мүшелерінің анатомиясы және физиологиясы	Жануарлардың аналықтарының жыныс мүшелерінің морфофункционалдық ерекшеліктері мен топографиясын білу	теориялық	3
	Жыныстық цикл. Жыныстық цикл кезеңдері. Жануарлардың күйлеп жүрген аналықтарын анықтау және ұрықтандыру уақытын таңдау тәсілдері. Күйлеуді ынталандыру және синхрондау	Жануарлардың жыныстық циклі мен жыныстық циклінің кезеңін, күйлеп жүрген аналықтарды анықтау әдістерін, аналықтарды оңтайлы ұрықтандыру үшін уақыт таңдауды, күйлеуді синхрондау схемасын білу	теориялық	3
	Асыл тұқымды тұқымдық жануарлардың ұрықтарының өміршеңдігіне әсер ететін факторлар	Асыл тұқымды тұқымдық жануарлардың ұрықтарының өміршеңдігіне әсер ететін факторларды (бөлмедегі жарық пен температураны, тұқымды сақтау және тасымалдау, құралдар мен ыдыстардың стерильділігі) білу	теориялық	3

жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру	Қолдан ұрықтандыру құралдарымен танысу	Қолдан ұрықтандыруға арналған құралдар мен жабдықтарды, оларды күтіп-ұстау және стерильдеу тәсілдерін білу. Ветеринариялық препараттар мен құралдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау	практикалық	2
	Ұрықты жібіту және катетерге құю тәртібі. Ұрықтың сапасын бағалау. Сұйық азотпен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы.	"Өсімді молайту құралдары. Бұқалардың ұрығы мұздатылған. Техникалық шарттар" МЕМСТ 26030 мемлекетаралық стандартына сәйкес ұрықты алу және (немесе) жібіту, катетерге құю және бағалау тәртібін білу. Сұйық азотпен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын білу	практикалық	2
	Жануарларды ректалды зерттеу технологиясы	Жануарларды ректалды зерттеу технологиясын, пальпация және ультрадыбыстық зерттеу әдістерін ерте буаздылығын анықтау	практикалық	5
	Жануарларды қолдан ұрықтандыруды жүргізу	Жануарлардың қолдан ұрықтандырудың мано-цервикалды, визо-цервикалды, ректоцервикалды тәсілдерін меңгеру	практикалық	7
	Тестілеу жүргізу	Тестілеуді жүргізу. Техник-ұрықтандыр ушыны оқыту курстарынан өткені туралы құжат беру	тестілеу	2
Теориялық дағдылар			14	

Практикалық дағдылар			16
Қорытынды бақылау			2
Барлығы			32 сағат

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі  
2023 жылғы 26 сәуірдегі  
№ 162 бұйрығына  
3-қосымша

### **Эмбриондарды транспланттау (ауыстырып салу) жөніндегі маманды оқыту курстарының үлгілік бағдарламасы және олардың сағат көлемі**

Курстың атауы	Курстың мазмұны	Оқыту нәтижесі	Оқу түрі	Көлемі, сағатпен
1	2	3	4	5
	Эмбриондарды транспланттау (ауыстырып салу) жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру	Суперовуляция деңгейіне, жұмыртқаның ұрықтануына және эмбриондардың сапасына әсер ететін факторларды білу	теориялық	4
	Күйлеуді синхрондау	Донорларды (ауыл шаруашылығы жануарларын) іріктеу, кейіннен гормоналды ынталандыру, күйлеу және суперовуляция шақыру принциптерін білу.	теориялық	4
	Эмбриондардың сапасын бағалау	Эмбрионның эмбриологиясы мен морфологиясын білу. Эмбрионның сапасына әсер ететін факторлар. Эмбриондардың сапасын бағалау және оны транспланттау (ауыстырып салу) технологиясын білу	теориялық	4
		Донорлардың, реципиенттердің		

Эмбриондарды транспланттау (ауыстырып салу) жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру	Есепке алу және есеп беру құжаттары	ведомостерін және төлдеу журналын жасай білу. Эмбрионға асыл тұқымдық куәлікті толтыра білу	теориялық	4
	Эмбриондарды транспланттауға (ауыстырып салуға) арналған құралдармен танысу	Эмбриондарды транспланттауға (ауыстырып салуға) арналған құралдар мен жабдықтарды, оларды күтіп-ұстау және зарарсыздандыру тәсілдерін білу. Ветеринариялық препараттар мен құралдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау	практикалық	2
	Эмбриондарды транспланттау (ауыстырып салу)	Күйлеуді синхрондауды, донордан эмбриондарды алу және реципиенттерге транспланттау (ауыстырып салу) процесін білу	практикалық	16
	Тестілеу жүргізу	Тестілеуді жүргізу. Эмбриондарды транспланттау (ауыстырып салу) жөніндегі маманды оқыту курстарынан өткені туралы құжат беру	тестілеу	2
Теориялық дағдылар				16
Практикалық дағдылар				18
Қорытынды бақылау				2
Барлығы				36 сағат